

Г.К. Жанибекова

## ШАҒЫН БИЗНЕСТЕН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БЮДЖЕТ КІРІСТЕРІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

Жоғарыда қарастырып өткеніміздей, Алматы облысы бойынша шағын және орта бизнес субъектілері жылдан жылға көбейіп келеді (1, 2 және 3 кестелер). Яғни, оларға салық салудың да және сол арқылы аталған субъектілердің қызметтерін мемлекет тарапынан реттеп отырудың да қажеттілігі күннен-күнге артып келе жатыр.

Сонымен бірге жоғарыдағы, кәсіпкерлік қызметтің дамуын жан-жақты қарастырған кезде байқағанымыз, Алматы облысында да экономиканың басқа саласына қарағанда сауда саласында кәсіпкерлік қызмет даму үлесі, басқаларға қарағанда басымдау. Сонымен бірге, Алматы облысы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге бейімделген. Өндірістік сферада қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлер саны ең аз мөлшерді құрайды, шамамен 2-3%-ға тең болып отыр. Енді, соңғы жылғы Алматы облысы бойынша кәсіпкерлік қызметтің даму тенденциясын және олардан түсетін салықтық түсімдердің бюджет кірісін толтырудағы ролін қарастыратын болсақ, онда келесі кестелерден анығырақ байқауға болады.

1-кесте

### Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өсу серпіні 2008-2009 жж.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде	2008 жыл	2009 жыл
Тіркелгендері	51680	56961
Нақты қызмет жасайтындар	48562	52510
Дерек көзі: Алматы облыстық СК мәліметтері бойынша		

Кестеден байқап отырғанымыздай, былтырғы жылмен салыстырғанда кәсіпкерлік субъектілерінің бірлігі 5281 бірлікке өскені көрініп тұр, бұл да болса мемлекеттің шағын және орта бизнес субъектілеріне жан-жақты жағымды, оның ішінде салық салу механизмдерінің бұрынғымен салыстырғанда оңайлатылғандығынан және басқа да жағдай туғызып отыруынан деуге болады.

2-кесте

### Алматы облысы бойынша шағын кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілер саны, 2008 ж.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері	Субъектілер саны	Жалпы кәсіпкерлер санындағы үлесі, %
Жалпыға ортақ тәртіппен қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер	1272	3,0
Оңайлатылған декларация негізінде қызметін жүзеге асыратындар	6229	11,0
Патент негізінде бюджетпен есеп айырысатын жеке кәсіпкерлер	9202	16,0
Біржолғы талон негізінде жұмыс жасайтындар	522	1,0
Шаруа қожалықтары	34354	60,0
ШКС – заңды тұлғалар	5382	9,0
Дерек көзі: Алматы облыстық СК мәліметтері бойынша		

Облыстағы кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілердің басым бөлігін патен негізінде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлердің үлес салмағы басым болып келеді, сонымен бірге, бір ыңғай жер салығын төлейтін шаруа қожалықтарының да салыстырмалы түрде сан жағынан басқа кәсіпкерлерден жоғары болып тұрғанын байқауға болады.

Алматы облысында шағын кәсіпкерлік субъектілері түрлерінің барлық түрлеріне жуығы бар, оның ішінде көбірек үлеске ие болып отырғаны, әрине облыстың климаттық жағдайы мен экономикалық даму бағыттарының ерекшеліктеріне қарай, жеке кәсіпкерлердің ішінде шаруа қожалықтары жақсы дамыған. Ол, сонымен қатар биылға ауыл жылы деп аталып отырған кезеңмен тұспа-тұс келіп, мемлекет тарапынан бұл салаға қолдау көрсетіліп отырғанын айғақтайды.

Содан кейінгі орында, оңайлатылған декларация негізінде және патент бойынша қызмет жасайтындар үлесі көбірек. Ол, заңды да себебі, көптеген шағын бизнес субъектілеріне

аталған режимдердің тиімді жағы көп, мысалға есеп айырысудың қарапайымдылығы, салықтық ауыртпалықтың төмендігі, салық төлеушілерге түсінуге оңай болуы және т.б.

Сонымен, 01.01.2009 жылғы жағдай бойынша Алматы облысында жалпы жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тіркелген субъектілер саны 56961 бірлікті құрап отыр, олардың ішінде нақты жұмыс жасайтын шағын кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілер саны 52510 бірлікті құрайды. Сонымен бірге олардан түскен салықтық түсімдер осы жылдың басында 2747786,7 мың теңгені құрап отыр. Бұл дегеніміз жалпы Алматы облысы бойынша салықтық түсімдердің 5,8 %-ын құрап отыр, ал жергілікті бюджеттегі түсімдердің 15,3% -ын құраған.

Ал, былтырғы жылғы мәлімет бойынша, жалпы тіркелген кәсіпкерлердің саны 51680 бірлік болған да, олардың ішінде нақты жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 48562 бірлік болған. Ал, олардан түскен салықтық түсімдер 2914187,9 мың теңгені құраған, ол сәйкесінше жалпы бюджеттік түсімдердің 7,9%-ын, ал жергілікті бюджет түсімдеріндегі үлесі 20,3%-ға теңестірілген.

2005 жылғы қаңтар айында тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің ішіндегі 5382 заңды тұлғалар болып табылады, оның ішіндегі нақты қызметпен айналысып отырғандарының саны 3274 бірлікті құрайды, олардан түскен салықтық түсім 2083350,1 мың теңгені құрап отыр (3-кесте).

3-кесте

**Арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалардан түсетін салықтық түсімдер**

Заңды тұлғалар	Барлық тіркелгендері	Оның ішінде нақты қызмет атқаратындары	Салықтық түсімдер (мың теңге)	Оның барлық кәсіпкерліктен түсетін салықтардағы үлесі (%-бен)
Шағын кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалар барлығы, оның ішінде	5382	3274	2083350,1	75,8
Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар	177	177	124085,7	4,5
Оңайлатылған декларация негізінде қызметін жүзеге асыратындар	421	380	97148,4	3,5
Жалпыға ортақ тәртіппен қызметін жүзеге асырушылар	4784	4784	1862116,0	67,8

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтеріне негізделумен құрастырылған, <http://www.stat.kz/>

Жалпы тіркелген шағын бизнес субъектілерінің ішіндегі заңды тұлғалардың арнаулы салық режимін жүзеге асыратындар оның ішінде:

оңайлатылған режим бойынша қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер саны 421, оның ішінде нақты қызмет жасайтындары 380 бірлікті құрайды, олардан түсетін салықтық түсімдер 97148,4 мың теңге.

Патент негізінде қызметін жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар саны 177 де, олардан түсетін салықтық түсімдер 124085,7 мың теңге.

Жалпыға бірдей тәртіппен қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар саны 4784 бірлікті құрап, олардан түсетін салықтық түсімдер 1862116,0 мың теңге.

Жоғарыда келтірілген кестедегі мәліметтерден көріп отырғанымыздай, қызметін жалпыға ортақ тәртіппен жүзеге асыратын заңды тұлғалардың әлі де болса басым болып отырғанын және олардан түсетін салықтық түсімдердің басқалардан артық түскенін байқауға болады.

Енді, жеке кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалардың жай-күйіне келетін болсақ, онда 2009 жылдың 1-қаңтарындағы жағдай бойынша тіркелген жеке кәсіпкерлер саны 51579 бірлік, оның ішінде нақты қызмет ететін жеке тұлғалар саны 49236 бірлікті құрайды, олардан түсетін салықтық түсімдер 664436,6.

Бірыңғай жер салығының негізінде қызметін жүзеге асыратын және жалпыға бірдей тәртіппен жұмыс жасайтын шаруа қожалықтарының тіркелгені 34354, олардың ішінен нақты қызмет атқаратыны 33227, олардан түсетін салықтық түсімдер 152185,0 мың теңге.

Патент негізінде қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардың тіркелгені 9202, оның ішінде нақты жұмыс жасайтындары 8926. Салықтық түсімдер 123639,0 мың теңге.

Оңайлатылған декларация негізінде қызметін жүзеге асыратын 6229, нақты қызмет атқаратындары 5869, бюджетке салықтық түсімдер 253392,9 мың теңге. Жалпыға бірдей тәртіппен қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлердің жалпы тіркелгендер саны 1272, оның ішінде 692-сі нақты қызмет атқаратындары және олардан түсетін салықтық түсімдер 126920,6 мың теңге.

Базарларда жылына 90 күннен артық қызметін жүзеге асыратын бір жолғы талон негізінде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер саны 522, олардан бюджетке салықтық түсімдер 8299,1 мың теңге көлемінде салық сомасы түскен.

4-кесте

**Жеке кәсіпкерлерден түсетін салықтық түсімдердің шағын бизнестен алынатын салықтық түсімдердегі алатын орны, 2009 ж**

Жеке кәсіпкерлері	Барлық тіркелгендері	Оның ішінде нақты қызмет атқаратындары	Салықтық түсімдер (мың теңге)	Оның барлық кәсіпкерліктен түсетін салықтардағы үлесі, %
Барлық шағын бизнеспен айналысатын жеке кәсіпкерлер, оның ішінде	51579	49236	664436,6	24,1
Бірыңғай жер салығы бойынша бюджетпен есеп айырысатын шаруа қожалықтары	34354	33227	152185,0	5,5
Оңайлатылған декларация негізінде қызметін жүзеге асыратындар	6229	5869	253392,9	9,2
Патент негізінде қызметін жүзеге асырушылар	9202	8926	123639,0	4,5
Бір жолғы талон негізінде қызметін жүзеге асырушылар	522	522	8299,1	0,3
Жалпыға ортақ тәртіппен қызметін жүзеге асырушылар	1272	692	126920,6	4,6

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтеріне негізделумен құрастырылған, <http://www.stat.kz/>

4-кестеден көріп отырғанымыздай, жеке кәсіпкерлердің ішінде саны жағынан орташа болса да, салықтық түсімдер жағынан басым түсіп отырған оңайлатылған декларация негізінде бюджетпен есеп айырысатын жеке кәсіпкерлер болып табылады екен, яғни барлық шағын кәсіпкерліктен түсетін салықтық түсімдердің 9,2 %-ын құрайды, ал сан жағынан басқалармен салыстырғанда жоғары болып отырған, ол бірыңғай жер салығын төлейтін шаруа қожалықтары.

01.01.2009ж. бойынша 3274 нақты жұмыс жасайтын заңды тұлғалардан 2083350,1 мың теңге салық сомасы түскен. Алдыңғы жылмен салыстырғанда тіркелген заңды тұлғалар саны 417 бірлікке көбейген, ал нақты жұмыс істейтіндер саны 33 бірлікке азайған. Түскен салықтар 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 152645,2 теңгеге азайған.

Сонымен бірге, үстіміздегі жылдың басында шаруа қожалықтарын қоспағанда 17225 жеке кәсіпкерлер тіркелген болатын, оның ішінде нақты қызмет атқаратындары 16009 кәсіпкерлер, алдыңғы жылмен салыстырғанда олардың саны 2410 бірлікке өскен және нақты қызмет жасайтындарының саны 1409 бірлікке жоғарылаған. Сәйкесінше жеке кәсіпкерлерден түскен салықтық түсімдер 89985,5 мың теңгеге өсіп отыр.

Келесі, шаруа қожалықтарына келетін болсақ, осы жылдың басындағы мәлімет бойынша 34354 шаруа қожалығы тіркеліп, нақты түрде қызмет жасап отырғандарының саны 33227 бірлікті құрап отырған. Жалпы алғанда олардың санның жоғарылау тенденциясы байқалады, өйткені тіркелгендер 2454 шаруашылыққа, ал жұмыс жасайтындар 2572 қожалыққа көбейген. Ал, аталған шаруа қожалықтарының түскен салықтық түсімдер былтырғы жылмен салыстырғанда 4064,7 мың теңгеге көбейген.

Осылайша 2007 жылмен салыстырғанда 2004жылда барлық шағын кәсіпкерлікпен айналысатындардың сан жағынан 5281 бірлікке көбейіп отырғаны байқалады. Осыған қарамастан олардан түсетін жалпы салықтық түсімдер сомасы 181201,7 мың теңгеге азайып отыр.

Салықтық түсімдердің төмендеуіне салықтық түсімдердің басым бөлігін құрайтын заңды тұлғалардан түсетін салықтық түсімдердің азайғаны әсерін тигізіп отыр.

Оның себептері сол, біріншіден нақты жұмыс жасайтын заңды тұлғалар саны азайғандықтан, екіншіден заңды тұлғалардың шағын бизнестен орта бизнеске өтуінен. Мысалға, 2008 жылдың қаңтарынан бастап ЖШС "Киик", ЖШС "Реалма" и ЖШС "Спецдормаш" сияқты фирмалар меншігіндегі активтердің көбейгеніне байланысты орта бизнес субъектілері қатарына ауысады, былтырғы жылы олардан түскен бюджетке салықтық түсімдер 48062,7 мың теңгені құраған болатын.

Сондай-ақ, 2008 жылы Алматы облысы бойынша жүргізілген салықтық тексерулер нәтижесінде 17773,8 мың теңге құрайтын қосылған құн салығы түскен болатын және аталған сома патент негізінде түскен салық сомасына жатқызылған болатын.

Сонымен бірге, шағын кәсіпкерліктен түскен салықтық түсімдердің азаюына 2008 жылдың 1-қаңтарынан бастап оңайлатылған декларация бойынша жеке тұлғаларға 4 пайыздан 3 пайызға дейін, ал заңды тұлғалар бойынша 5 пайыздан 4 пайызға дейін төмендегені өзіндік әсерін тигізіп отыр.

Аталған субъектілер бойынша салықтық түсімдердің дер кезінде және толықтай түсуіне салық қызметі органдарының атқаратын ролі жоғары болып отыр. Баршаға белгілі, соңғы кезде салықтық тексерулер, әсіресе рейдтік тексерулердің саны азайып, кәсіпкерлік субъектілердің қызметтерін жүзеге асыруына мемлекет тарапынан жағымды жағдай туғызуға ұмтылып отыр, бұл да олардың салық базасын кеңейтіп, толыққанды жұмыс жасауға мүмкіндік беріп отыр.

Дегенмен, салық қызметі органдары тарапынан бақылауды мүлдем тоқтатуға болмайды, сондықтан, аз да болса жүргізілген тексерулер бойынша, мысалға Сарқант, Ақсу, Кербұлақ, Көксу, Ескелді аудандарындағы және Талдықорған мен Қапшағай қалаларында жүргізілген тексерулер барысында 2147 субъект тексеріліп, оның 18-інде салықтық құқық бұзушылықтар тіркелген, оның ішінде:

екі жағдайда салық объектілері төмендетіліп көрсетілгендіктен оларға 20610 сомасында әкімшілік айыппұлдары салынған.

11 субъектіде фискалды жадысы бар бақылау-касса машинасын қолдануда бұзушылықтар жасалғандықтан, 52320 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынған.

Сонымен қатар СК қызметкерлерімен бір жолғы талондарды тарату тәртібін тексеру жөнінде облыстың біраз аудандарында: Іле, Талғар, Ақсу, Алакөл, Еңбекшіқазақ, Ескелді, Жамбыл, Қарасай, Көксу, Сарқанд, Кербұлақ елді-мекендерінде және Қапшағай қаласында іс-шаралар жүргізілді.

Салық комитетінде, сонымен бірге шағын кәсіпкерлік субъектілерімен салық заңдылықтарына байланысты сұрақ-жауап, талдау, түсіндіру сияқты жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады. Бұл, әрине салық субъектілерінің салықтық медениетін арттырып, олардың салық төлеу жұмысына саналы түрде қарауына мүмкіндік береді. Ал, ол салық базаларын кеңейте отырып, салықтық түсімдердің мемлекеттік бюджетке толықтай, уақытында түсуіне мүмкіндік тудыратыны сөзсіз.

1. Дуламбаева Р.Т. «Қазақстан Республикасының бюджет қазынасын толтырудағы салық жүйесі мен салық салудың алатын орны» //Материалы I Международного Конгресса молодых ученых и студентов «Мир науки», – Алматы, КазНУ им. аль-Фараби, 25-27 апреля 2007.

2. Малдыбаева Г. «Классификация налоговых нарушений по видам налогов», журнал «Вестник налоговой службы РК», № 8 (96), – Алматы, 2007

3. Туржанов С.А. большие проблемы малого бизнеса// Налоговый эксперт №5(30), 2008г.

4. Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. «Салық және салық салу» – Алматы, 2008 жыл

5. Дауранов И., Рудецких А. Роль и место малого бизнеса в решении проблем занятости. Қаржы-қаражат. 2008г. №5 ст.5-10

6. Байниетова М. Основные препятствия деятельности субъектов малого предпринимательства //Саясат. №8, 2007г.

7. ҚР-ның Қаржы министрлігінің ресми сайты – [www.afn.kz](http://www.afn.kz)

8. [www.salyk.kz](http://www.salyk.kz)

Статья посвящена проблемам налогообложения малого и среднего бизнеса в Казахстане. Используются статистические материалы для анализа динамики поступлений в бюджет от этой сферы, раскрыта роль малого и среднего бизнеса в пополнении бюджета.

\*\*\*

The article is devoted to problems of taxation of medal and small business in Kazakhstan. Statistical materials were used for analyzing of incomes dynamic to budget from this sector. Described the role of medal and small business in adding of budget.

*S. Orakbaeva*

## **GOVERNMENT REGULATION OF HOUSING**

The Special Rapporteur on adequate housing as a component of the right to an adequate standard of living, and on the right to non-discrimination in this context, undertook an official visit to Kazakhstan from 6 to 13 September 2010. The purpose of the mission was to gather first-hand information on the status of the realization of the right to adequate housing and other related human rights in Kazakhstan. In particular, the Special Rapporteur focused on the adverse impact of the global economic and financial crises on the enjoyment of the right to adequate housing and on the large-scale evictions or displacement of individuals and communities living in or around the cities of Astana and Almaty. During her visit to Astana and Almaty, the Special Rapporteur met with a wide range of Government representatives and non-State actors, and received testimonies from several people alleging violations of their right to adequate housing. The Special Rapporteur welcomes the significant progress that the State has made in the implementation of the right to adequate housing at the national level. Such measures include the inclusion of specific provisions on adequate housing in the Constitution, the adoption of a number of legislative and policy measures, such as the Housing Relations Act.

In recent years, Kazakhstan has become a major economic power in Central Asia, thanks to its significant reserves of oil and natural gas. Economic growth has also supported the development of other sectors, in particular construction and banking. In 1995, the Government decided to shift the capital of the newly-independent State from Almaty to Astana. This decision was accompanied by the investment of a significant amount of the State budget for the creation of a modern, world-class capital city. In turn, the large-scale urban renewal and city beautification programmes attracted a large number of internal migrants, who moved to the new capital from other parts of the country in search of employment opportunities in the construction sector and a higher standard of living.

According to the census conducted in 2009, the population of Astana grew from 328,341 to 613,006 in the period from 1999 to 2009. Almaty, with a population of 1,365,632, remains the largest city in Kazakhstan. Like Astana, Almaty has also attracted a significant number of migrant workers, who moved to the main economic hub of the country after the economic crisis that followed the collapse of the Soviet Union. According to official estimates, the internal migration from rural to urban areas affects more than 300,000 people a year.

Owing to its economic performance, Kazakhstan has also become a major destination for migrant workers from other central Asian countries and from China.

According to official estimates, Kazakhstan hosts between 500,000 and 1 million foreign workers, but other sources consider that the figure of two to three million migrants is more plausible. A considerable percentage of these migrant are employed in the construction sector.

This mass migration has put significant pressure on the availability of housing and urbanized land in the two main economic hubs in the country, leading to the construction of a number of informal settlements of dwellings on the outskirts of both cities. Owing to their informal nature, there are no reliable statistical data on the number of people living in these informal settlements.